



Арқалық қаласындағы  
облыстық № 2 әмбебап  
ғылыми кітапхана

# Кітапхана тынысы

# Библиодайджест



Арқалық қаласы  
2023 жыл



# Кітапхана тынысы

Шығарылады  
маусым 2023 ж.  
Библиодайджест №1

*КММ Арқалық қаласының облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы*

## Мазмұны

- ✚ БИБЛИОГИД
- ✚ АТАУЛЫ КҮНДЕР
- ✚ МЕРЕЙТОЙЛАР
- ✚ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР
- ✚ БОЛАШАҚҚА ЖОСПАР

### 1 бөлім

### Библиогид

## «Сен – біздің бірінші оқырмансың!»



Жас оқырмандарды кітап оқуға ынталандырып, әдеби талғамын қалыптастырып, кітап оқуды насихаттау мақсатында балалар әдебиеті бөлімі «Сен – біздің бірінші оқырмансың!» атты дәстүрлі мерекелік іс-шара өткізді.

2023 жылдың алғашқы оқырманы болып А. Құнанбаев атындағы мектеп-гимназиясының 2 «В» сынып оқушысы Жаңбыр Асылы атанды.

## 2023 жылдың алғашқы оқырманы




Киелі шаңырағымызға осы жылы оқырмандарымыздың алды болып аяқ басқан жылдың алғашқы оқырманы, үздік өлкетанушы, қолөнер шебері, қаламыздың құрметті азаматы Байділдин Шөптібай Байділдаұлы. Ғылымға жаны құмар, тарихымызды түгендеп, келешек ұрпақтың игілігіне жарар туындыларымен әдебиетіміз бен мәдениетімізге үлес қосқан үлгілі тұлға

Шөптібай Байділдаұлы кітапханамызға алғашқы болып келіп, жаңа жинақтармен танысып, көркем әдебиет әлемінен сусындап, жаңа жұмыс жылына толағай табыстар тілей отырып, өз жылы лебіз тілектерін білдірді. Бізде оюмен ой айтқан қолөнер шеберіне алғысымызды білдіріп, алғашқы оқырманымызға Қайсар Әлімнің «Махаббат жыршысы» кітабын сыйға тарттық. Жаңа жұмыс жылы басталған сәттен кітап сүйер қауым бірден кітапханаға жол тартқан, атап айтсақ Уахит Абылайхан, Құсайынова Сәуле, Мейрам Мерейжан, Серебрянникова Фрида, Большаков Богдан сынды оқырмандарымыз оқудан қол үзбек емес. Демалыстан соң кітапханамызды сағынып жеткен оқырмандарымыздың оқуға құштарлығы қуантады, жаңа жылда кітап сүйер оқырмандарымыз көбейе берсін!



## «Асылдың сынығы, тектінің тұнығы»

Қоғам қайраткері мәдениеттанушы Мұрат Мұхтарұлы Өуезовтің 80 жас мерейтойына орай «Асылдың сынығы, тектінің тұнығы» атты кітап көрмесі оқырман назарына ұсынылды.



## «Бір ел – бір кітап» акция аясында Төлен Әбдік шығармаларын оқу

/әдеби танымдық ассорти/



2023 жылы «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында қазақ жазушысы, драматург, қоғам қайраткері Төлен Әбдіктің шығармаларын оқуға ұсынылды.

Төлен Әбдік - қазақ прозасында өзінің ерекше қолтаңбасы бар, қаламынан таным тамшылары мөлдіреген қабырғалы жазушының шығармалары тұлғасы бөлек кейіпкерлермен ерекше. Қарапайым тілде

жазылғандықтан әңгімелерін оқу оңай, ал өзіндік ой түйіп, түсіну қиын. Құрметті оқырман сізді жазушының философиялық толғаныстарға толы шығармашылығымен танысуға шақырамыз!



## «Денсаулықты бірге ойлайық»



7-сәуір - дүниежүзілік денсаулық сақтау күніне байланысты

«Денсаулықты бірге ойлайық» атты көрме - кеңесімізді ұсынамыз.



## «Биік тұғырлы талант»



### /«Бір ел – бір кітап 2023»/

«Бір ел – бір кітап 2023» республикалық акциясы аясында белгілі драматург, жазушы Төлен Әбдіқұлы жайлы сыр шертер бейнебаяны ұсынылды.



## «Шебер қолдар үйірмесі»

### /үйірме жұмысы/



«Білім орталығы» балалар әдебиеті бөлімінің ұйымдастырумен «Шебер қолдар» үйірмесі сәнді салфеткадан «Көңілді аққала» атты шеберлік сабағын өткізді.



# Кітапхана тынысы қаңтар - маусым

## «Әдебиеттің алтын дінгегі»



Белгілі түркітанушы, қазақ дипломатиясының қайраткері, көрнекті жазушы Мұрат Мұхтарұлы Әуезов 80 жасқа толып отыр. Білім мен мәдениет саласында қалам тартқан қарымды қаламгердің өмірі мен шығармашылығын насихаттайтын әдеби сағатты назарларыңызға ұсынамыз.





## Жүректі тербеген ән самал

/ән кеші/



Белгілі сазгер, әнші, ҚР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, ҚР Композиторлар одағының мүшесі, Қостанай қаласының құрметті азаматы Қалибек Деріпсалдин 70 жасқа толды. Сондай игі шараның бірі облыстық №2 кітапхананың өнер секторының ұйымдастырумен өткен "Жүректі тербеген ән самал" тақырыбындағы ән кеші. Кеш барысында сазгердің


өмірдерегі айтылып, шығармашылығына толық шолу жасалады. Ән әлемнің саңлағы Қалибек Деріпсалдин 160-тан астам әндердің авторы. Болмысы бөлек, лирикалық шығармалары әр түрлі сахналардан шырқалып өз тыңдармандарын тапқан. "Айлы түнде", "Ерке құсым", "Көктем қыздар", "Жан еркем", "Қостанай, достар-ай" секілді әндері өнерсүйер қауымға кеңінен танылғаны қашан! Композитордың әндерін орындаушылар арасында "Көктем қыздар" атты республикалық байқаудың жыл сайын өтуі жақсы бір дәстүрге айналған. Кеште сазгердің "Айлы түнде", "Ақбота", "Көктем қыздар" әндерін кітапхана қызметкері Еркінғазы Жұмағазыұлы мен Б. Байқадамов атындағы саз мектебінің ұстазы Гүлнұр Балташқызы "Адамдар аққуларды атпаңдаршы", "Қазына" халықтық хор ұжымының мүшелерінің орындауында "Айлы түнде" әндері орындалып көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Қалибек Деріпсалдиннің мерейтойына арналған кеш жоғары деңгейде өтіп, кітапсүйер, әнсүйер оқырманға ерекше әсер сыйлай берді деген сенімдеміз. Кешті ұйымдастырып, өткізген өнер секторының меңгерушісі Әлия Қарсақбайқызы Әубәкірова. Шараға қаладағы "Қазына" ардагерлер хор ұжымының мүшелері, Торғай гуманитарлық колледжінің студенттері мен #1 мектептің жоғары сынып оқушылары қатысты.



## «Кел, балалар, оқылық!»

/балалар әлемі/

«Кел , балалар, оқылық !» жобасы аясында қазақ балалар әдебиетінің белді өкілі Ермек Өтетілеуұлының 85 жылдық мерейтойына орай «Қолда барда қаламым, балаларға жазамын» атты әдеби саяхат А. Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназиясының 3 "Б" сынып оқушыларымен өткізді.



## «Ауғаныстан ақиқаты»

/кітап көрмесі/



15 ақпан - кеңес әскерін Ауғанстан жерінен шығару күніне орай кітапханамызда «Ауғанстан ақиқаты» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Көрменің мақсаты - Ауғанстан туралы ақиқатты жас ұрпаққа жеткізу, Ауған соғысының ардагерлерін құрметтеу, жас ұрпақтың патриоттық сезімдерін оятып, Отан үшін отқа түсіп қыршынан қиылған, жат жерде көз жұмған қандас, қарулас азаматтарымызды еске алу.



Көрмеге Ауған соғысы жайында жарық көрген кітаптар «Даңқ: энциклопедиялық анықтамалық», Ауған соғысының ардагері Бақытбек Смағұлдың қаламынан шыққан «Қазақтың қара майоры» Ауған соғысындағы дарынды қолбасшы, дарабоз тұлға Борис Керімбаевтың ерен ерлігіне арналған, «Намыстың құлы, Алаштың ұлы», «Тағдыр тозағы = Ад судьбы» «Қолбасшы күнделігі», Жантасов А. «Жартасты жастанған жасақ» және басқа да кітаптар қойылды.

Көрмені кітапхананың абонемент бөлімінен тамашалауға болады.



## «Үздік өлкетанушы Шөптібай Байділдаұлымен»



«Үздік өлкетанушы Шөптібай Байділдаұлымен» жобасы аясында қаламыздың құрметті азаматы, оюшы, колөнер шебері Шөптібай Байділдаұлының өмірі мен шығармашылығын насихаттайтын «Үздік жан, үлгілі тұлға» бейнебаянын назарларыңызға ұсынамыз.



## «Асылдар туып, арыстар шыққан текті ел»



«Асылдар туып, арыстар шыққан текті ел»

Биыл, бөрілі байрақ көтеріп еркіндік аңсаумен өткен батыр бабаларымыз Шақшақ Жәнібек Қошқарұлына 330 жыл, Аманкелді Иманов пен Кейкі Көкембайұлына 150 жыл. Айтыс өнерінің өрен жүйрігі, арқалы ақын - Нұрхан

Ахметбековке 120 жыл, Қазақ әдебиетіндегі талантты жазушылардың қатарынан ойып орын алған, өзінің қысқа ғұмырында небір өміршең туындыларды дүниеге келтірген жазушы Ақан Нұрмановқа 90 жыл толып отыр. Осыған орай, оқу залы бөлімі «Асылдар туып, арыстар шыққан текті ел» атты кітап көрмесінің тұсау кесерін өткізді. Жылдық көрменің тұсау кесер рәсімі Арқалық қаласының құрметті азаматы, үздік өлкетанушы Шәптібай Байділдәұлы мен айтыстың ақтаңгері Айбек Қалиевке бұйырды. Көрмеге батыр бабаларымыздың өмір тарихы мен ерліктерін баяндайтын әдебиеттер ұсынылды. Шақшақ Жәнібектің ерлігі мен батырлығы жөнінде философия ғылымдарының кандидаты, тарихшы Конкина Гүлбаршын баяндаса, ел аузындағы әңгімелер мен зерттелуі жайында Шәптібай Байділдәұлы тарқатып айтып берді. Троғайдың топжарғаны Нұрхан ақынның шығармашылығына Айбек Қалиев тоқталып өтті. «Ақанда аққан жұлдыз Арқадағы» өлеңін Сейтмагамбетова Сымбат нақышына келтіре орындап берді. Кітап көрмесінің ашылу салтанатын әнмен әрлеген Олжас Қапанов пен Еркінғазы Айтбаев. Көрме жыл бойына қызмет көрсететін болады.



# Кітапхана тынысы қаңтар - маусым

## «Кітап – бүкіл әлемге ашылатын есік»



Балалар әдебиеті бөлімі оқырмандардың өскелең талабын қанағаттандырып, рухани байлығын дамыту мақсатында «Кітап – бүкіл әлемге ашылатын есік» атты кітапханалық саяхат Кейкі батыр атындағы № 4 мектеп оқушыларымен өткізді.




## «Жаңарған Қазақстанның жаңа бағыты»

### /тұрақты көрмелер/



Оқырман қауымның білімін жетілдіріп, ұлы тұлғалардың өмірін насихаттау мақсатында кітапханамызда «Жаңарған Қазақстанның жаңа бағыты» тақырыбындағы тұрақты көрмелер, оқырмандарымызға таныстырылып, арнайы ақпараттық алаң өткізілді. Іс-шараға Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің студенттері мен оқытушылары қатысты, қатысушылар саны 31.

Дәстүрге айналған бұл іс-шара жыл сайын өз жалғасын тауып келеді. «Бір ел – бір кітап» Республикалық акциясы аясында таңдалған Төлен Әбдікұлының шығармалары мен «Жаңарған Қазақстанның жаңа бағыты» тақырыбында топтастырылған негізгі үш көрме жайлы толық ақпараттар берілген бейнебаянды назарларыңызға ұсынамыз.



# Кітапхана тынысы Қантар - маусым

## «Ауған соғысының жаңғырығы»

/Ерлік сағаты/



Балалар әдебиеті бөлімі «Арқалық қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің психоневрологиялық ауруы бар мүгедек балаларға және психоневрологиялық ауруы бар 18 жастан асқан мүгедектерге арналған күндізгі болу бөлімшесінде Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына 34 жыл толуына орай «Ауған соғысының жаңғырығы» атты ерлік сағатын өткізді.





## «Жеңіс даңқы – мәңгілік»

/Ерлік сағаты/



Балалар әдебиеті бөлімі «Арқалық қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің психоневрологиялық ауруы бар мүгедек балаларға және психоневрологиялық ауруы бар 18 жастан асқан мүгедектерге арналған күндізгі болу бөлімшесінде Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына

34 жыл толуына орай «Ауған соғысының жаңғырығы» атты ерлік сағатын өткізді.



## «Елі қадірлеген ел ағасы»

/кездесу кеші/



Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының өнер секторының ұйымдастыруымен "ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері", "Арқалық қаласының құрметті азаматы", Арқалық қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Жәнібек Гапбасұлының 75 жасына арналған "Елі қадірлеген ел ағасы" тақырыбында

сұхбат кеш өткізілді. Шара барысында құрметті мейманымыздың өмір дерегі айтылып, еткен еңбегі мен өнегеге толы қызметі сөз болды. Әрі қарай кеш сұхбат түрінде жалғасын тапты.

Қонағымызға туған жері, ата-анасы, еңбек жолы, отбасы, бүгінгі атқарып жатқан қоғамдық жұмыстары жөнінде сұрақтар қойылып, тұщымды жауаптар алынды.

Аталған іс-шараға қаламыздың зиялы өкілдері: өлкетанушы Шөптібай Байділдаұлы, Арқалықтың байырғы тұрғыны Қайырдан Тұрсынбайұлы, қалалық "Қазына" ардагерлер хор

ұжымының мүшесі Бақытжамал Аяғанқызы, педагогикалық институтының педагогика және филология факультеті деканының орынбасары Қанат Сейтқасымұлы, Арқалық қаласының тілдер оқыту орталығының басшысы Абзал Қуанышұлы (шәкірті) сөз сөйлеп, жылы лебіздерін білдірді. Кездесуде кітапхана қорындағы Жәнібек Гапбасұлының 2009 жылы Қостанай



қаласының "Шапақ" баспасынан шыққан "Гұмырдария" кітабына, арнайы жасалған жаднамаға шолу жасалып, қонағымызға арналған фотослайд көрсетілді. Кеш соңында, кітапхана басшысы Қазына Байсабекқызы сөз алып, Жәнібек Гапбасұлына алғыс білдіріп, ұлтымыздың дәстүрі бойынша ағамыздың иығына шапан жабылды. Әннен шашу шашылып,



өлкенің танымал азаматтарын насихаттау мақсатында өткен ізгілікті кеш болды.

## «Жыр жаны, сыншы жанары»

/кітап көрмесі/



Белгілі әдебиет сыншысы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Амангелді Кеңшілікұлының 55 жасқа толуына орай, сыншының өмірі мен шығармашылығын насихаттау мақсатында құрылған «Жыр жаны, сыншы жанары» тақырыбындағы кітап көрмесін назарларыңызға ұсынамыз.

Амангелді Кеңшілікұлы 1968 жылы 21 тамызда Алматы қаласында дүниеге келген. Талантты сыншының қаламынан қазақтың қабырғалы қалам-

герлерінің шығармашылығы жайында өзгеше өрнек, жаңаша леп, тосын оймен өрілген «Ақ жауын», «Қарлығаш-дәурен», «Жүрек сөзі», «Қазақты сүй», «Рух жыры», «Шеберлік пен шындық» секілді ұлт руханиятының сүбелі қазынасына айналған кітаптар туды.



## «Кітапхана патшалығына шақырамыз!»

/экскурсия/



Оқырмандардың кітапқа деген сүйіспеншілігі мен құрметін арттыру мақсатында балалар әдебиеті бөлімі «Кітапхана патшалығына шақырамыз!» атты экскурсияны «Балдырған» балабақшасының бүлдіршіндерімен өткіздік.



## «Қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы»

(поэзия кеші)



Поэзия әлемінің қайталанбас құбылысы болған, маржан сөзді ақын, алаш қайраткері, Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына арналған поэзия кеші өткізілді.

Іс-шара барысында ақынның өлеңдері оқылып, бейнебаяндар тамашаланды, кеш әсем әндермен өрнектеліп, сұрақ-жауап арқылы арнайы сауалдармен қорытындыланды.

Кешімізге Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің студенттері атсалысты, олар қаламгердің өмір жолы жайлы мәліметтермен сусындап, ерекше поэзия

әлемімен таныс болды. Ақынның «Сағындым», «Анашыма», «Туған жерім» «Пайғамбар», «Жан сөзі», «Түркістан, «Қазағым», сынды өлеңдері сондай-ақ, махаббат тақырындағы туындылары кештің көркін кіргізе түсті.

Мағжан – сыршыл ақын. Оның сөзіндей тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Өз поэзиясының алғашқы қадамдарынан бастап ақтық демі біткенге дейін Мағжан Бекенұлы ұлт азаттық тақырыбын үзбей толғанды, оны өз поэзиясының өзегі еткен, әдебиет әлемінің шолпан жұлдызының еңбектері келешек ұрпақтың жадында.



## «Асыл сөз іздесең, Абайды оқы, ерінбе!»

/кітап оқу сайысы/



Кітапхананың «Білім орталығында» балалар әдебиеті бөлімінің ұйымдастыруымен «Бірге оқимыз, дауыстап оқимыз!» облыстық акция аясында қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының қара сөздерінен «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе!» атты «дауыстап оқу» іс-шарасы қаламыздың мектеп оқушыларымен өткізілді.



## «Боз даланың бұлбұлы»

/дәріс сабақ/



«Боз даланың бұлбұлы». Осындай тақырыпта қаладағы политехникалық колледжінің жатақханасында жастар арасында тума талант, дарынды композитор, ұлы күйші Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдығына арналған музыкалық дәріс өткіздік. Құрманғазы бабамыздың қиындыққа, тартысқа толы тағдыры, ата-анасы, туған жері жайлы толығымен айтылып, шығармашылығына кітап арқылы шолу жасалды. Атақты «Кішкентай», «Балбырауын», «Адай»,

«Кісен ашқан», «Сарыарқа», т.б.күйлердің шығу тарихын тыңдап, халқымыздың тарихи деректеріне көз жүгірттік. Соның біріне тоқталсақ, күйші Орал түрмесінде жатып шешесіне арнап "Қайран шешем" атты күйін шығарады. Күй қапастағы



халды суреттегендей жәй басталады. Әлден кейін жарқ етіп тұрған айдай жарқын кейіпке көшеді. Күй әсерленіп, қызынып, шапқан аттың алыстағы сарыны естілгендей болады. Аяғында баяғы ауыр дыбыстар еріксіздік үндері қайталанып келіп, ең соңында тағы да үміт сәулесі елестегендей әсер етеді. Ұлы күйші Құрманғазы күйлері - қазақ халқының баға жетпес рухани құндылықтары.



## «Жазушы және оның кітаптары»

/кітап көрмесі/

Ян Флемингтің туғанына 115 жыл



Ян Ланкастер Флеминг - британдық журналист, әскери-теңіз барлау офицері және жазушы. Ол Джеймс Бондтың авторы ретінде танымал болды – әдебиеттегі және экрандағы ең танымал супер тыңшы. Джеймс Бонд авторға дүниежүзілік танымалдық алып келді және оншақты фильмдердің негізіне айналды.

Флемингтің Джеймс Бонд туралы алғашқы кітабы 1953 жылы жарық көрді. Бұл кітаптан кейін тағы 13 кітап жарық көрді, олардың екеуі әңгімелер жинағы болатын. Флемингтің басқа танымал шығармаларына мыналар жатады: «Бриллианты вечны», «Доктор Но», «Из России с любовью». Соңғы кітап 1966 жылы жарық көрген – «Осьминожка и искры из глаз».

Абонементте жазушының мерейтойына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды.





# «Әйел – әдемі құпия әлем»



Көктемнің алғашқы мерекелерінің бірі 8-наурыз ерекше күтетін мейрамдардың бірі. Барша әйел затының мерекесі қарсаңында өнер секторының ұйымдастыруымен «Әйел - әдемі құпия әлем» тақырыбында дидарласу кеші өткізілді. Кеш қонағы: Арқалық қаласының тұрғыны, «Алтын алқа» иегері, көпбалалы, жеті баланың анасы - Жанғабылова Күләш Өмірзаққызы, қызы Айзермен. Мейманымыздың өмірдерегімен танысып, отбасы, жұбайы, балалары туралы тәрбиеге толы әңгіме естідік. Көпбалалы бақытты ананың шүкіршілігі мен балаларына деген шексіз махаббатын көрдік. Кішкентай Айзеренің орындауында «Менің әжем дара» әнін тыңдадық. Өнер секторының жанынан ашылған «Жас талант» клубының белді мүшелері, Арқалық педагогикалық институтының студенттері Гүлнұр Еркінқызы мен Назерке Сайынованың орындауларында ұлы Абайдың «Білектей арқасында өрген ғұмыр» және Құрманай Бахтиярқызының «Ана шырақ» өлеңдері тыңдалды. Бақытты ананың мерекелік сұхбатынан қыз балаларымыз өнеге, тәлім-тағылым алды деп есептейміз.



## «Кітап – тарих, шежіре»



Арқалық қаласы білім бөлімінің қосымша білім беру орталығындағы «Көңілді балалар» қуыршақ ұйыrmесінің ұйымдастыруымен болашаққа бағдар «Рухани жаңғыру» аясында өткен «Кітап – тарих, шежіре» атты сұхбат облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы балалар әдебиеті бөлімінің қызметкерлерімен өткізілді.



## «Қызықты кітаптар әлемі шақырады»



2 сәуір - Халықаралық балалар кітап мерекесіне орай балалар әдебиеті бөлімінің ұйымдастыруымен «Қызықты кітаптар әлемі шақырады» атты балалар кітап апталығының ашылуы өткізілді.

Мақсатымыз: оқырмандардың бойына кітапқа деген қызығушылықтарын арттырып, кітапхана қорындағы жаңа әдебиеттерді оқырмандарға жарнамалау.



## «Бала деп соққан бауырмал жүрек»

/әдеби қонақжай/



Кітапхананың балалар әдебиеті бөлімінің ұйымдастыруымен қазақ балалар әдебиетінің классигі Мұзафар Әлімбаевтың 100 жылдық мерейтойына орай оқырмандарға ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы мәліметтер беріліп, ақын жырларын насихаттай отырып өнегесін алуға тәрбиелеу мақсатында «Бала деп соққан бауырмал жүрек» атты әдеби қонақжай А. Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназияның 3 «А», 3 «Б» сынып оқушыларымен өткізілді.



## «Салт-дәстүрім ғаламат, бабалардан аманат»

14 наурыз жылдың жылмен көрісіп, қауышқан шағы. Ағайын мен туыс арасы бекіп, ізгі тілекпен қауышып, төс қағысар шағы. Қыстан қуатты шыққан елдің тәубе мен тілек айтатын күні. Демек, жанарудың белгісі. Осыған орай, оқу залы «Салт-дәстүрім ғаламат – бабалардан аманат» атты фольклор кешін өткізді. Кеш басталмас бұрын оқырмандар фойедегі «Мерекемсің, мәңгі мақтар Наурызым!» атты кітап көрмесін тамашалады. Көрмеге салт-дәстүр, әдет-ғұрып жайында баяндалған ғылыми-танымдық кітаптар қойылып, қолөнер бұйымдары мен зергерлер бұйымдар көрменің сәнін келтіріп, маңызын аша түскендей. Мерекелік дастарханға қойылған



әрбір жанға тән ырыстық атрибут – тостаған, қазақтарда «несібе» ұғымына айналған. Несібеміз арта берсін деген ниетте осы ұлттық ыдыс аяқтарымызға салынған ұлттық тағамдарымыздың да өзіндік тарихы бар. Жастарымызға ұлттық ұғымдардың мәнін ашу мақсатында тағамдарымызға да шолу жасалды. Кешке қаламыздың танымал ақсақалдары мен студенттер қатысты. Кеш барысында бабадан қалған дәстүрлеріміздің маңызына тоқталды.



# Кітапхана тынысы қаңтар - маусым

## «Ерлік толы даламыз, батыр біздің бабамыз»



Кітапхананың балалар әдебиеті бөлімінің ұйымдастыруымен «Ерлік толы даламыз, батыр біздің бабамыз» атты ерлік сағаты Ы.Алтынсарин атындағы гимназия оқушыларымен және Торғай өңірінің белгілі азаматы, ұлт мәдениетінің жанашыры, қолөнер шебері, өлкетанушы Байділдин Шөптібай Байділдаұлы қатысып, халық батыры Аманкелді Үдербайұлы Иманов туралы қызықты мәліметтермен бөлісті.



## «Төрлет, наурыз, салтанатты салтымыз!»



Наурыз – көнеден келе жатқан мейрам. Күні бүгінге дейін жер шарындағы көптеген халықтардың дәстүрлі мерекесіне айналған. Наурыз – бақтың бастамасы, жақсылықтың жаршысы, өмірге нұр сыйлаған, халық қастерлейтін күн. Осы күнге орай 15 наурыз күні облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасындағы абонемент бөлімінің ұйымдастыруымен Арқалық қаласындағы Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің жатақханасында «Төрлет, Наурыз, салтанатты салтымыз!» атты фольклорлық ринг ұйымдастырылып, кітап көрмесіне шолу жасалынды.

Іс-шара барысында наурыз мейрамының шығу тарихы, және ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып жайында қарапайым түсінік беріліп, ұлттық дәстүрдің ерекшеліктері таныстырылды.

Фольклорлық рингке жатақхана студенттері мен тәрбиешілері белсене ат салысты. Фольклорлық сайыста студенттер «Қазақтың салт – дәстүрлері», «Ұлттық тағамдары», «Ұлттық ойындары» сынды кезеңдерде өз білімдерін ортаға салды. Сонымен қатар «Сөздің көркі – мақал», «Сыр сандық», ойындары арқылы салт-дәстүрлеріміздің мағынасын ашып, мақал-мәтелдердің жалғасын тапты. Сайысымызға белсене қатысқан студенттерге кішігірім сый – сияпат көрсетіліп, естелік суретке түсті.



## «Бүлдіршіндер кітаптың құпиясын ашады»

/Кітап апталығы/

Балалар кітап апталығы мерекесіне орай балалар әдебиеті бөлімінің ұйымдастыруымен «Бүлдіршіндер кітаптың құпиясын ашады» атты ертеңгілік «Ақбота», «Алпамыс», «Балдырған» балабақшаларының бүлдіршіндерімен өткізілді. Мерекелік шарада балалар ән салып, би билеп, кітап туралы тақпақтарын айтып өз өнерлерін ортаға салды.

«Көңілді балалар» қуыршақ үйірмесі «Қой мен серке»



ертегісінен, «Балдырған» балабақша бүлдіршіндері «Қоян мен түлкі» ертегілерінен қойылымдар көрсетіп оқырмандарды қуанышқа бөледі.





## «Асыл әже – асыл қазына»

/мерекелік кеш/



16 наурыз – Шежіре күні. «Әке көрген оқ жанар, шеше көрген тон пішер» деген қазақ халқы. Осы орайда Өнер бөлімінде «Асыл әже - асыл қазына» тақырыбында әжелермен мерекелік кеш өтті. Кештің құрметті қонақтары «Ана-

дария» ұйымының белді мүшелері болды. Ұйымның төрайымы - Бақытжамал Аяғанқызы, қажы - Күләйхан әже, Ғалия Бектайқызы, Хамара Құлмұханбет әжелер қатысып, ұлттың салт - дәстүрі, ұлттық өнер, ұлттық тәрбие, ұлттық тағамдар жайлы танымдық әңгімелер айтылды. Тыңдарман қауым Хамара әжеміздің қолынан жасалған наурыз көжеден дәм татты. Мерекелік кеште шашу шашылып, бишілер би билеп, әншілер ән айтып, көркем сөздер оқылып, мерекелік көңіл - күй болды. Жыршы -термеші, ақын Қуанышбай Қабенұлы бата беріп, Ұлыс мерекесімен құттықтады.



## «Кітапханашы – парасатты жанға лайық мамандық»

/байқау/



Әдістеме библиография бөлімінің ұйымдастыруымен жас кітапханашылар арасында, «Кітапханашы – парасатты жанға лайықты мамандық» атты байқау болып өтті. Байқаудың мақсаты: кітапхана саласының кәсіби құндылықтарын сақтауға, жас кітапханашылардың шығармашылық бастамасы мен кәсіби шеберліктерін дамытуға, беделін арттыруға және жастар арасында кәсіптің оң имиджін қалыптастыруға ықпал ету. Жас кітапханашылар байқаудың 6 кезеңі бойынша жоғары кәсібилік, өз жұмысына адалдық, жауапкершілік және өз ісіне деген сүйіспеншіліктерін көрсетті. Үш жас

кітапханашы, Сымбат Сейтмағамбет, Гүлназ Жақия, Айзат Қанафина түрлі номинациялар бойынша дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.



## «Өнер тұнығы ел ішінде»

/диалог-кеші/



27 наурыз - Халықаралық театр күні аясында өнер секторының ұйымдастыруымен "Өнер тұнығы ел ішінде" тақырыбында кеш-диалог өткізілді. Кеш қонағы, жергілікті жасөспірімдер театрының әртісі - Манетов Әлібек. Шара жалпы театр саласының қалыптасу, шығу тарихынан бастау алып, Арқалық театрының тыныс-тіршілігіне ұласты. Әртістің өмірдерегіне, шығармашылығына байланысты қызықты сұрақтар қойылып, тұщымды жауаптар алынды. Әлібек Маратұлы алғашқы сомдаған рөлдерін

еске алып, әртіс мамандығының қыр-сырымен бөлісті. Қонақ кәде сұралып С.Тұрғынбекұлының "Кейкі батыр" тарихи драмасынан монолог тыңдалды. Кешке Торғай гуманитарлық колледжінің студенттері мен кітапхана қызметкерлері атсалысты. Іс-шара соңында, Әлібек Маратұлы жастарға деген ізгі тілегін білдіріп, Рамазан айына байланысты көркемсөз тарту етті. Бөлімде театр күніне



арнайы дайындалған кітап көрмесіне шолу жасалып, әдебиеттер кеңінен насихатталды. Қонағымызға құрмет көрсетіліп, сый-сияпат жасалды.

## «Елін қорғау – ерге серт!»

Кітапхананың «Білім орталығында» балалар әдебиеті бөлімінің ұйымдастыруымен «Елін қорғау – ерге серт» атты патриоттық сағаты өтті.

Іс-шара барысында Қазақстан күштерінің құрылуы, оның Отанымыздың бейбітшілігін сақтаудағы маңызы жайлы, әскери өнердің өзіндік ерекшелігі туралы оқырмандарды туған елін, жерін Отанын, тілін, мәдениетін құрметтеп, тарихты терең бағалай отырып, патриоттық сезімге тәрбиелеу мақсатында Кейкі батыр атындағы № 4 жалпы білім беретін мектептің 7 «Б» сынып оқушыларымен өткізілді



## «Бірлік бар жерде – бақыт бар»



«Бірлік бар жерде – бақыт бар»

Құрметті оқырман! Сіздердің назарларыңызға Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған «Бірлік бар жерде – бақыт бар» тақырыбында көрме – репортажды ұсынамыз.





# «Өнер жолы – мәңгілік»



Актёр, Қазақстанның халық әртісі Нұрмұхан Жантөриннің 95 жылдығына арналған «Өнер жолы - мәңгілік» тақырыбындағы бір кітап бенефисі.

«Өнер жолы - мәңгілік» - бенефис одной книги, посвященный 95-летию народного артиста РК Нурмухана Жантурина.



## «Боз даланың бұлбұлы»



Қазақ анимациясының негізін салушы, суретші, кинорежиссер, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақ КСР-нің Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әмен Қайдаровтың 100 жылдық мерейтойына арналған «Өнерде өз соқпағын салған» тақырыбындағы ой-толғау.



## «Адалдығың - асылдардың асылы»



Оқу залы бөлімі  
«Парасат жолы»  
жобасы аясында  
Арқалық қаласының  
ардагерлер кеңесінің  
төрағасы Жәнібек  
Ғапбасұлы мен заң  
саласының ардагері

Алмас Болатұлы және «Адалдық алаңы» жобалық офисінің қызметкерлерімен «Адалдығың – асылдардың асылы» тақырыбында адалдық сағатын өткізді. Қонақтар сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмыстарының бағыттары мен міндеттері туралы айтып өтті. Ардагер ағаларымыз рухани тәрбие мен әр адамның Отанға адал қызмет етуі мен сүйіспеншілікке тәрбиелеу жайында оқушыларымен бөлісіп, студенттердің сұрақтарына жауап берді.





## «Ұлттық рухани жаңғыру»



Балалар әдебиеті бөлімінің ұйымдастырумен Х облыстық «Сөз құдіреті» мәнерлеп оқу байқауы өткізілді. Байқау «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы аясында өтіп, дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне орай ойластырылған. Мақсатымыз жас ұрпақтың қазіргі әдебиетке деген қызығушылығын және жасөспірімдер арасында оқуды насихаттау, өскелең ұрпақты кітап оқуға баулу, кітап оқитын балалардың мәртебесін арттыру. Мәнерлеп оқу байқауында бірінші орынды А. Құнанбаев атындағы мектеп-гимназияның 5 «А» сынып оқушысы Сүндет Серікжан, екінші орын Ш. Уәлиханов атындағы № 1 мектептің 7 «Ә» сынып оқушысы Даулен Айнар иеленсе, үшінші орын А. Құнанбаев атындағы мектеп-гимназияның 5 «В» сынып оқушысы Қожахметов Шыңғысқа бұйырды. Айгиз Баймұратовтың «Көше балалары» шығармасынан үзінді сомдап, актерлік шеберлігі мен орындауы жоғары бағаланған Ы. Алтынсарин



атындағы гимназияның 7 «Ә» сынып оқушысы Әбжан Нурикамал бас жүлдені жеңіп алды. Ы.Алтынсарин атындағы облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасында өтетін оныншы облыстық «Сөз құдіреті» байқауына Ы. Алтынсарин атындағы гимназияның оқушысы Әбжан Нурикамал жолдама алды. Жеңісің құтты болсын. Бас жүлдені жеңіп алған Әбжан Нурикамалға Х облыстық «Сөз құдіреті» мәнерлеп оқу байқауына сәттілік тілейміз!

## «Ең алғаш ғарышқа жол ашқан қазақ жері»

/бейнешолу/



«Ең алғаш ғарышқа жол ашқан қазақ жері» 12 сәуір - Дүниежүзілік авиация және ғарышкерлер күніне арналған бейнешолу.



## «Үлпілдеген күн сәулесі»



«Кел, балалар, оқылық!» жобасы аясында балалар әдебиетінің көрнекті өкілі Марат Қабанбаевтың 75 жылдық мерейтойына орай жазушылық өмірі мен шығармаларын оқырмандарға кеңінен насихаттау мақсатында «Үлпілдеген күн сәулесі» атты көрме-викторина Ш.Уәлиханов атындағы № 1 мектептің 5 «А» сынып оқушыларымен өткізілді.



## «Асығып аққан жұлдыз»

Арқалық қаласындағы дала өлкесі тарихы облыстық мұражайының ұйымдастыруымен өткен Қазақстанның халық әртісі Әнуар Боранбаевтың 75 жылдығына арналған іс-шараға, өнер секторының арнайы дайындаған жылжымалы кітап көрмесі дайындалып, апарылды. Өнер иесінің өмірбаяны жазылған энциклопедиялық анықтамалықтар, шығармашылығы баяндалған фотоальбомдар мен естелік кітаптар көрмеден орын алды. Әнуар Боранбаев туралы мақалалар, очерктер, әдістемелік құралдар мен жаднамалар оқырман назарына ұсынылды. Көрменің дәйектемесі ретінде өнер қайраткерлерінің Әнуар Боранбаев туралы айтылған жылы лебіздері алынды.



## «Батырлық біздің салтымыз»



23 сәуір - Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күні қарсаңындағы «Асылдар туып, арыстар шыққан текті ел» кітап апталығы аясында халық батыры Амангелді Имановтың 150 жылдығына орай «Батырлық біздің салтымыз» атты тарихи кеш өткізілді. Кеш күмбірлеген күймен басталды. Жастарымызға батыр бабамыздың өмір жолын таныта отырып, патриоттық рухта тәрбиелеуге тамшыдай болса да үлес қосу мақсатында өткен

бұл іс-шара барысында белгілі өлкетанушы Ш.Байділдәұлы батырдың балалық шағына тоқталса, Дала өлкесі тарихы облыстық мұражайының аға ғылыми қызметкері Батырлан Сағынтаев Иман батыр әулетінің ерлік пен батырлықтары жайында тың деректері оқырмандарға жақсы әсер қалдырды. Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық институтының доценті, аға оқытушы Ардақ Абдуллина батырдың көркем әдебиеттегі бейнесін ашып, тарихшы Баубек Аймаханұлы өмірінің соңғы кезеңі жайында баяндады.



## «Ұланы бар елдің, ұраны бар»

7 – мамыр Отан қорғаушылар күніне орай «Ұланы бар елдің, ұраны бар» атты ерлік сағаты өткізілді. Отанды сүйіп, өз елін қорғай білуге және Отанының патриоты болуға дәріптеу мақсатында викториналық сұрақтарға жауап бере отыра күш – жігерлерін де көрсете білді. Аталған іс – шараға қаламыздағы политехникалық колледжінің студенттері қатысты



## «Елін қорғау – ерге серт!»

Кітапхананың «Білім орталығында» балалар әдебиеті бөлімінің ұйымдастыруымен «Елін қорғау – ерге серт» атты патриоттық сағаты өтті.

Іс-шара барысында Қазақстан күштерінің құрылуы, оның Отанымыздың бейбітшілігін сақтаудағы маңызы жайлы, әскери өнердің өзіндік ерекшелігі туралы оқырмандарды туған елін, жерін Отанын, тілін, мәдениетін құрметтеп, тарихты терең бағалай отырып, патриоттық сезімге тәрбиелеу мақсатында Кейкі батыр атындағы № 4 жалпы білім беретін мектептің 7 «Б» сынып оқушыларымен өткізілді



## «Честь – Родине служить»

«Честь - Родине служить» - Отан қорғаушылар күніне арналған әскери данк сағаты





## «Елдің елдігін сақтаған ерлер»



«Елдің елдігін сақтаған ерлер» Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің мерекесіне орай өскелең ұрпақтың бойында отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырып, еліміздің Тәуелсіздігін қадірлей отырып, оны қорғай білуге тәрбиелеу мақсатында «Елдің елдігін сақтаған ерлер» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Бұл мереке батырлық пен табандылық, отансүйгіштік пен Отанға шексіз қызмет етудің нышаны. Аталған көрмеге қазақ елінің сонау әскери тарихынан бастау алатын К.Аманжолов пен А.Тасболатовтың «Қазақстанның әскери тарихы», тарих ғылымының докторы, профессор,

запастағы полковник М.Серікпаевтың «Основы военной истории» және кәсіби армия құруға бағытталған Б.Сақтағановтың «Өлке» баспасынан шыққан «Әскери педагогика», жасұландардың Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметін шыңдауға арналған К.Аманжоловтың «Алғашқы әскери дайындық» және «Ұлы Дала: Әскері тарих» - ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағы. Қай дәуірде болмасын, Отан қорғау әр Қазақстан азаматының қасиетті борышы болып келеді.

## «Өнеріміз саған, Қазақстан»

Қаламызда жылдағы дәстүр бойынша биыл XXXVI «Өнеріміз саған, Қазақстан» атты облыстық көркемөнерпаздарының халық шығармашылығы байқау- фестивалі өтті. Мәдени шараға кітапхана атсалысып, театрға арнайы әзірленген жылжымалы кітап көрмесі апарылды. Көрмеге өнердің әр саласына арналған құнды әдебиеттер, мерзімді басылымдар мен әдістемелік құралдар қойылды. 1-бөлім: Қазақстан және Астана туралы фотоальбомдар; 2-бөлім: архитектура, музыка, кино, театр саласына арналған кітаптар, мысалы: «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі», «Қазақтың дәстүрлі 1000 әні», «Даналық әліппесі», «Қазақ халқының батырлық жырлары», т.б. 3-бөлім: өлкеміздің биылғы мерейтой иелері: Амангелді Иманов, Нұрқан Ахметбеков, Ақан Нұрманов, Әнуар Боранбаев, Қалибек Деріпсалдиндерге арналып, жерлестеріміздің өмірі мен өнері кітап арқылы насихатталды.



## «Өшпес ерлік – ұрпаққа мұра»

/кітап көрмесі/



Құрметті оқырмандар! Сіздердің назарларыңызға 9 мамыр - Жеңіс күніне орай дайындалған «Өшпес ерлік – ұрпаққа мұра» тақырыбындағы кітап көрмесінің электронды тұсаукесерін ұсынамыз.





## «Мәңгілік өшпес отты жылдар»

Балалар әдебиеті бөлімінің ұйымдастыруымен «Мәңгі өшпес отты жылдар» атты естелік сабағы Кейкі батыр атындағы № 4 мектебінің 5«А» сынып оқушыларымен өткізілді.



## «Өнер – өмір мәңгілік үзілмейді»

Актер, қазақ ұлттық кәсіби театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі, КСРО халық әртісі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қалибек Қуанышбаевтың 130 жылдығына арналған «Өнер-өмір мәңгілік үзілмейді» тақырыбында бейнеәңгіме.



## «Балауса балғын балалық шақ»

/мерекелік ертеңгілік/



1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай оқырмандардың «Балаларды қорғау күні» туралы түсініктерін бекіту, кітапхана қорындағы ерекше кітаптармен таныстырып, кітап оқуға баулу, ойын-сауықта өлең айтып, би билеу арқылы белсенділіктерін арттыру мақсатында балалар әдебиеті бөлімінде «Балауса балғын балалық шақ» атты мерекелік ертеңгілік өткізілді. Мерекелік іс-шараға келген «Ақбота», «Алпамыс», «Балдырған», «Золотой ключик» балабақша бүлдіршіндері мен кітапханамыздың тұрақты оқырмандарын ертегі кейіпкерлері Түлкі, Тышқан, Қоян, Барыс және Спанч боб қарсы алды.

Балаларға жаздың тамаша күніндей нұрлы, көңілді, қуаныш-шаттыққа толы бақыт тіледік.

Мерекелік іс-шараға белсене қатысқан бүлдіршіндері мен тәрбиешілерін марапаттап, тәтті сыйлықтар таратылды.





## «Ел рәміздері – мемлекеттің мәртебесі»

/көрме/



Құрметті оқырмандар! ҚР мемлекеттік рәміздері күніне орай сіздердің назарларыңызға «Ел рәміздері – мемлекеттің мәртебесі» тақырыбындағы көрме-нышанды ұсынамыз





## «Мемлекеттік рәміздер – тәуелсіздік тұмары»

/слайд-әңгіме/



Кітапхананың «Білім орталығында» балалар әдебиеті бөлімінің ұйымдастыруымен оқырмандардың рәміздер туралы түсініктерін дамытып, олардың пайда болуы және тарихтағы маңызын білуге тәрбиелеу мақсатында «Мемлекеттік рәміздер – тәуелсіздік тұмары» атты слайд-әңгіме А. Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназияның оқушыларымен өткізілді.



## «Елімнің рәміздері»

/челендж/



Арқалық қаласындағы № 2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы Л. Н.Толстой атындағы ОӘФК-сынан ҚР Мемлекеттік рәміздер күніне арналған «Елімнің рәміздері» челленджін қабылдады.

Мемлекеттік рәміздер - бұл кез-келген мемлекеттің өзіндік ерекшелігі мен егемендігін білдіретін ажырағысыз атрибуттарының бірі. Қазақстан Республикасында Ту, Елтаңба және Әнұран Мемлекеттік рәміздер болып табылады.

Барлық отандастарымызды Мемлекеттік рәміздер күнімен

құттықтаймыз! Қазақстан халқына береке мен бірлік тілейміз!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Челлендж эстафетасын Ү. Алтынсарин атындағы Қостанай облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасы және Арқалық қалалық ОКЖ-не жолдаймыз.



## «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн»

/ақпараттық шолу/

Заңсыз кәмелет жасына толмаған балалардың еңбегін қанау туралы түсінік беріп, құқықтық тәрбие беру мақсатында балалар әдебиеті бөлімі жыл сайын жазғы демалыс қарсаңында 1-12 маусым аралығында «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн» Ұлттық ақпараттық

науқаны өткізіледі. Осыған орай «Бала еңбегін қанау-қоғам қасіреті» атты кітап көрмесіне ақпараттық шолу жазғы сауықтыру лагерінің балалар арасында өткізілді.



## «Күншуақты жаздың кітаптағы сыры»



Балалар әдебиеті бөлімінің ұйымдастырумен «Күншуақты жаздың кітаптағы сыры» атты жазғы оқу бағдарламасына арналған іс-шара А. Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназияның жазғы сауықтыру лагерінің оқушыларымен өткізілді.



# «Өлкенің дарабоз дарыны»

/әдеби бульвер/

«Бір ел – бір кітап» акциясы аясында «Өлкенің дарабоз дарыны» тақырыбында әдеби бульвар өтті.

Биылғы жылы «Бір ел – бір кітап» акциясы бойынша жыл таңдауында қазақ жазушысы, драматург, қоғам қайраткері Төлен Әбдікұлының шығармалары таңдалған болатын, осы орайда кітапханамызда шаралар жалғасуда.


Шара қаланың ең көрікті орыны – демалыс саябағында өтіп жиналған қауымды жазушының өмірі мен шығармашылығымен таныстырып, жастар арасында әңгімелері талқыланды. Сонымен қатар жазушы шығармалары бойынша викториналар, әдеби ойындар өткізілді.

Бұл акцияға Торғай гуманитарлық колледжінің студенттері белсене қатысып, жазушы шығармашылығына арналған викториналар мен сын сауалдарға белсенді жауап берді.

Осы акция арқылы жастар, студенттер ғана емес, аға буын да атақты жерлесіміздің еңбегін біліп, бағалап, жақсы көретініне куә болдық.



## «Балаңызбен бірге кітап тандаңыз»



Жазғы демалыс уақытында оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында ашық аспан астында аула алаңындағы балалармен «Балаңызбен бірге кітап тандаңыз» атты отбасылық кітап оқу іс-шарасы өткізілді.



## «Ерлігі – елге өнеге»

/кітап көрмесі/



14 маусым күні Арқалық қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен Жастар азаматтық бастамалар орталығының ұйымдастыруымен Амангелді Имановтың 150 жылдығына орай «Ерлігі – елге өнеге» тақырыбында аймақтық конференция өтті. Конференцияда оқу залы қызметкерлері «Амангелді- халық батыры» атты кітап көрмесіне шолу жасады.



## «Әкемнен артық досым жоқ»

/сурет көрмесі/



18 маусым - Әкелер күніне орай «Әкемнен артық досым жоқ» атты сурет көрме іс-шарасы А. Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназияның оқушыларымен өткізілді.

Мақсатымыз отбасы ұйтқысы негізгі тірегі әке екенін түсіндіре отырып, оқырмандарды әкеге деген құрмет пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу және отбасылық құндылықтарды насихаттау.





## «Әке рухына тағзым етеміз»

/ақпараттық сағат/



Бүгін, 18 маусымда - халықаралық әкелер күні. Өнер бөлімшесі қызметкерлері осы мерекеге орай «Әке рухына тағзым етеміз» тақырыбында Арқалық қаласындағы «Ардагерлер» саябағына барып ақпараттық сағат өткізді. Биылдан бастап «Әкелер күні» мерекеленетіні жайлы ақпарат айтып, әкелер мен аталарды мерекелерімен құттықтадық. Әке аты қасиетті «үлкен үй», «қара шаңырақ» деген ұғымдармен сыйлы да құрметті. Қазақ әкенің тәлімі мен тәрбиесін қашанда қадір тұтып келген. Асқар тау әкелеріміз жасасын! Сөзіміз - аталы, ісіміз баталы болсын!



## «Оқимыз және жасаймыз!»

/библио демалыс/



### Балалар әдебиеті бөлімі

«Оқимыз және жасаймыз!» атты жазғы оқу бағдарламасына арналған библио демалыс Кейкі батыр атындағы № 4 жалпы білім беретін мектептің сауықтыру лагерінің оқушыларымен өткізді.




# «Есірткі – елдіктің жауы»

/ақпараттық сағат/

«Есірткі – елдіктің жауы»

Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне орай ақпараттық сағат



## «Әлемді жайлаған аждаһа»

/шок-сабак/




Балалар әдебиеті бөлімі 26 маусым – Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне орай «Әлемді жайлаған аждаһа» атты шок-сабак өткізді. Мақсаты: оқушыларды зиянды әрекеттерден бойларын аулақ ұстауға, әлем дерті - нашақорлық ауруынан сақтауға және денсаулықтың қадірін түсініп, сақтай білуге тәрбиелеу



## «Жемқорлық түбі - қорлық»

/кітап көрмесі/


Оқу залы бөлімінде «Жемқорлық түбі - қорлық» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге еліміздегі жемқорлықпен күрес жөніндегі ҚР нормативті-құқықтық актілері, мемлекеттің бұл құбылыспен күрес туралы қолданылатын шаралары жайлы кітаптар және мерзімді басылым беттерінен мақалалар қойылды. Аталған сөренің мақсаты өскелең ұрпақты Қазақстандық патриотизмге және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа мүлдем төзбеушілікке тәрбиелеу. Сыбайлас жемқорлықпен күресу




Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік дамыған мемлекеттердің қатарына жетуді көздеп отырған

## «Қазақ поэзиясының шоқ жұлдызы»

/онлайн шолу/



Ақын, жазушы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына орай әзірленген «Қазақ поэзиясының шоқ жұлдызы» атты библиографиялық жаднамаға онлайн шолу



## «Өшпестей із қалдырған бұл өмірде...»

/онлайн шолу/

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме-библиография бөлімі жазушы Ақан Нұрмановтың туғанына 90 жыл толуына арналған библиографиялық көрсеткішті оқырман назарына ұсынады. Библиографиялық көрсеткішке Ақан Нұрмановтың өмірі мен шығармашылық жолы жайында мағұлматтар берілген. Көрсеткіштегі материалдар қазақ тілінде әзірленген.



## «Дариға жырдың дәурені»

/әдеби сағат/



Өленді өмірім деп еншілеген қазақтың белгілі ақын қызы Марфуға Бектемірованың туғанына 65 жыл толуына орай, «Дариға жырдың дәурені» тақырыбындағы әдеби сағатын назарларыңызға ұсынамыз.





## 4 бөлім

Жаңалықтар мен оқиғалар

# «8 - наурыз Халықаралық әйелдер күні»



8 наурыз - Халықаралық әйелдер күніне орай Арқалық қазақ жасөспірімдер театрында салтанатты шара өткізілді. Жиында қала әкімі Әмірхан Асанов көктем мерекесімен құттықтап, түрлі салада нәтижелі еңбек етіп келе жатқан азаматшаларға алғысын білдірді. Жемісті еңбегі үшін облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы «Білім орталығы» меңгерушісі Абжанова Жұлдыз Касимбековна Арқалық қаласы әкімінің құрмет грамотасымен марапатталды.



## «Ең әдемі келіншек-2023»



Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында Арқалық қалалық мәдениет сарайының ұйымдастыруымен, қаламызда жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін «Ең әдемі келіншек-2023» атты байқау болып өтті. Ғасырлар бойы ұлттық дәстүрімізді сабақтастырған байқауға біздің ұжымнан Жақия Гүлназ қатысып, «Үлгілі келін» номинациясымен марапатталды. Шын жүректен Гүлназды құттықтай отыра, отбасына бақыт пен шығармашылық жетістіктер тілейміз!



## «Мәдениет өмірі – құдірет өмірі»

2023 жылғы 16 мамырда Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне арналған онкүндік аясында кітапхананың оқу залында «Мәдениет өмірі – құдірет өмірі» атты дөңгелек үстел өткізілді. Мәдениет пен өнер құдіретін танытып, әдебиетімізді насихаттау мақсатында өткен бұл іс-шараға қаламыздағы мәдениет ошақтарының басшылары мен қызметкерлері қатысты. Мәдениетті адам болып тәрбиеленуге екі құдіретті күш әсер етеді – көркем өнер мен ғылым. Бұл екеуіне де кітап бетінен дидарласаңыз. Сондықтан іс-шара барысында мәдениет қызметкерлері мен студенттер арасында ұлттық мәдениетіміз бен әдебиетіміздің өрлеуі мен өнер құдіреді арқылы еліміздің мәдениетін өркендетіп жүрген өнерпаздар жайында тағылымды әңгіме өрбіді.



## 5 бөлім

### Болашаққа жоспар

#### Әдістеме-библиография бөлімі

1. «Дара тұлғаның – дара жолы» ақын Ғафу Қайырбековтың туғанына 95 жыл (1928-1994) /Библиографиялық көрсеткіш
2. «Шынайы жырдың шебері» жазушы Қайнекей Жармағамбетовтың туғанына 105 жыл (1918-1974) /Библиографиялық көрсеткіш
3. «Қаламымен сыр шерткен қаламгер ақын» ақын, журналист Хамитбек мұсабаевтың туғанына 70 жас (1953-2019) /Жаднама

#### Оқу залы

1. «Тіл байлық – ізгілік мұрат», Интеллектуалды сайыс
2. «Мен қарапайым қарттарды сүйем!» Әдеби-сазды кездесу
3. «Ерлікке тағзым, елжандылықтан тағылым» Тархан Шақшақ Жәнібектің туғанына 330 жыл. Портрет кеш
4. «Алаш дәрігерлері» медициналық білім алған алғашқы қазақ әйелдерінің бірі Аққағаз Досжанованың туғанына 130 жыл, қазақ дәрігері, ғалым журналист.пкдагог, қоғам қайраткері, профессор Халел Досмұхамбетовтың туғанына 135 жыл. Танымдық кеш

#### Абонемент бөлімі

1. «Алты алаштың асылы» ақын Файзолла Сатыбалдыұлының туғанына 140 жыл. /Поэзия кеші
2. «Торғай топжарғаны – Нұрхан ақын» Халық ақыны Нұрхан Ахметбековтың туғанына 120 жыл. /Кітап көрмесі

### **Өнер бөлімі**

1. **«Отбасы-бақыт мекенім»** отбасы күніне орай Сырласу кеші
2. **«Асығып аққан жұлдыз»** Халық әртсі Әнуар Боранбаевтың туғанына 75 жыл. **Тұрақты кітап көрмесі**
3. **«Менің елім – мәңгілік ел»** 25 қазан Республика күніне орай.  
**Әдеби музыкалық кеш**
4. **«Аңызға айналған тұлға»** ақын, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл. **Өнегелі сабақ**
5. **«Аңызға айналған тұлға»** ақын, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл. **Өнегелі сабақ**
6. **«Өмірді сазбен сәндеген»** композитор Әсет Бейсеуовтың туғанына 85 жыл. **Саз кеші**

### **Балалар әдебиеті бөлімі**

1. **«Кітаппен табиғат аясында» /Эко саяхат**
2. **«Жаса, жайна ару қалам – Астана» /Сурет салу сайысы**
3. **«Алтын заңым Арай таңым» /Құқық сағаты**
4. **«Көркем сөздің зергері»** Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл.  
**/Әдеби қонақжай**





КММ Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы

**Құрастырушы:** Қойшыбаева Т.С.

**Редактор:** Ибикенова С.К.

**Басылымға жауапты:** Борибаева Қ.Б.

**Компьютерлік терілім:** Қойшыбаева Т.С.

**Біздің мекен – жайымыз:** Арқалық қаласы, Абай көшесі, 62

**Телефон:** 8 (71430) 7 - 09 -16

**Эл.почта:** [arkounb@mail.ru](mailto:arkounb@mail.ru)

**Библиодайджестің шығуы**

**Жылына екі рет**

**Таралымы: 5**

**Көлемі: 0,3**